**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ**

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы
_______________ С.Қ. Сыздықов
2018 ж. «14» 09

# «Ішекті аспаптар» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты

**Павлодар 2018**

**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ** жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ-де Павлодар облысында кәсіби музыкалық білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін бірізділік қағидаларынан құралған әрдеңгейлі модульдерден тұратын жұмыс жүйесі қолданылады.

**"Ішекті аспаптар" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты өз кезегінде**

білім беру саласындағы ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келетін Кешен саясатына **сәйкес келеді**,

сапаны қамтамасыз ету принциптерін қоса алғанда, білім беру мен оқытуға қатысты Кешеннің жалпы пайымын **қамтиды**,

Білім беру саласындағы Кешен стратегиясына жәрдемдеседі және білім беру саласындағы күш-жігерге ықпал етуге, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға **жәрдемдеседі.**

**«Ішекті аспаптар» білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешеннің Бағдарына, Стратегиялық мақсаттары мен Миссияларына сәйкес келеді**

**Білім беру бағдарламасының бағдары**

Өз орындаушылық мектебін қалыптастыра отырып, ішекті аспаптарда оқытудың инновациялары мен жеке әдістерін насихаттап және алға жылжыта отырып музыканттарды тәрбиелеуде жетекші позицияда болу.

**Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты**

Инновациялық әлеуметтік - бағытталған даму талаптарына, қоғамның заманауи қажеттіліктеріне сәйкес келетін қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету, музыкант тұлғасының тұтас көркемдік – эстетикалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

**Білім беру бағдарламасының миссиясы**

Өз қызметін ұйымдастыруға, кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін анықтауға, олардың тиімділігі мен сапасын бағалауға, өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуге, оған тұрақты қызығушылық танытуға қабілетті білім беру бағдарламасының мамандануы бойынша нарықта сұранысқа ие білікті мамандарды оқыту және тәрбиелеу.

**Құндылықтар**

Білім
Руханият
Кәсіпқойлық
Бәсекеге қабілеттілік

Патриотизм
Академиялық адалдық
Инновациялылық
Креативтілік

**Сапаны қамтамасыз ету қағидалары**

1. Сапаны қамтамасыз ету және оның құжаттау үшін жалпы жауапкершілік Ішекті аспаптар білім беру бағдарлама басшысына жүктеледі және оқытушылармен студенттер және ата-аналармен ынтымақтастықта орындалады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз ету дамытуда кәсібилікке, диалогқа және біліммен алмасуға негізделеді, білім берудің барлық саласын шеңберінде жүйелі және тұрақты дамуды қолдайды, сонымен қатар құжаттама қатынасында заңнамалық талаптарға сәйкес келеді.

3.Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

4. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін міндеттерді нақты бөлу негізінде барлық деңгейлердегі қатысушылар үдерісіне сәйкес процедураларға нақты міндеттерді түсіндіру, талқылау және енгізу саналады.

5.Сапа жүйесі Ішекті аспаптар білім беру бағдарламасының барлық қызмет бағыттарын: оқу, әдістемелік, тәжірибелік, концерттік-ұйымдастырушылық, дәрістік, ғылыми-зерттеушілікті қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

6. Саясатты жүзеге асыру ресурстары болып Ішекті аспаптар бөлімінің мамандары, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік тәжірибе, тәрбие жұмысының дәстүрлері табылады.

7. Ішекті аспаптар бөлімінің басшысы оқытушыларды мобилдендіруге жұмылдырып, өзінің жұмысқа және Миссияға деген қатынасын үлгі ретінде көрсетуге тырысады.

**Сапаны қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары**

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес студенттердің сапалы білім мен кәсіби музыкалық дайындық алуы.

2. Білім, білік алуға, жеке қасиеттерді қалыптастыруда, қабілеттерді дамытуда бәсекелестік рухын жасау мақсатында білім беру бағдарламасы студеттері арасында бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету.

3. Сабақтастық қағидаттарында құрылған (музыкалық мектеп-интернат, тәжірибенің базалық мектебі және музыкалық колледж), әрбір блок кәсіби-базалық және басқа блокқа қатыстылығы бойынша практикалық болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін Ішекті аспаптар білім беру бағдарламасының қызметтерін қамтамасыз ету.

4.Аспаптық потенциалды, бағдарламаларды әзірлеудегі инновациялық тәсілдерді кеңейтуде көрінген әртүрлі бағыттарда Ішекті аспаптар білім беру бағдарламасын жетілдіру, жеке орындаушылық мектеп қалыптастыру, бағдарлама ішінде білім беру қызметінің аясын кеңейту.

5.Студенттердің тұлғалық потенциалын толық ашуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзіндік жетілуіне көмектесетін мәдени-шығармашылық, тәрбиелік ортаны жасау.

7.Мәдениет және өнер, музыкалық білім беру саласында ауданды мамандандыру шеңберінде базалық және кәсіби құзыреттілігі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету.

8. Ішекті аспаптар білім беру бағадарламасы оқытушыларының музыкалық білім беру ұйымдары пайдаланатын заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды меңгеруге бағытталған әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту, білім беру сапасын қамтамасыз ететін танымдық орта деңгейін, білім берудегі өз бағытын қалыптастыру.

9. Ішекті аспаптар білім беру бағдарлама қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру, цифрлеу, сапаны қамтамасыз етуді іске асырға кепілдік беретін материалды-техникалық базаны дамыту.

10.Тәрбие жұмысының жүйелі тәсілі

11.Әртүрлі бағыттар мен жанрлардағы музыканы танытуға, орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған Ішекті аспаптар білім беру бағдарламасының белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

12.Халықаралық деңгейге шығуға, қазақстандық музыкалық білімді, қазақстандық скрипка мектебін танытуға, достық байланыстар орнатуға көмектесетін жобаларға қатысу.

13. Оқытушылар мен студенттердің әлеуметтік қорғауын нығайту.

14.Ішекті аспаптар бөлімінің басшысы Ішекті аспаптар білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету Саясат қағидалар міндеттемелерін ұстанып, оқытушылардың жетілуін жұмылдыруға және жұмысқа деген қатынасын өз жеке бас үлгісінде көрсетуге тырысады.

**«Ішекті аспаптар» білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойынына алады:**

- осы саясатты білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке «Өн салу» білім беру бағдарламасының қатысушыларын тартуды қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Ішекті аспаптар» бөлімінің отырысында қаралды
2018 ж. 14.09 № 2 Хаттама